

## **Инвотакси қызметін алушылардың санаттарын кеңейту туралы**

### *Күші жойғал*

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 мамырдағы № 770 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 мамырда № 10212-10 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 2341 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 30.12.2024 № 2341 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санатымен кеңейтілсін:

аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

